Біздің маңайда 7-8 үйдің ішінде үлкен үйі болатынбыз. Оң жағымызда оң отау, сол жағымызда сол отау. Бір нанды бөлісіп бір шайымызды біз балалар отыра қалып ішетінбіз, үйымшылдық сондай болды сенікі менікі болмады. Тынысы кең болды сол кездегі адамдардың. Біз қазақ кең, пейіл меймандос халықты. Алдымызда көршілес неміс, орыс Москвин, іргелес бір ауыл болып шешендер келіп орналасты таршылықта. Ауылымыз «Сұлы-шоқта» Еңбекші қазақ орталau мектебінде қазақ-орыс, ноғай-шешен балалар мен оқу оқыдық. 1959 ж. Ахметжанұлы Әлібекке тұрмысқа шықтым. Жалғыз қайың сіңлім Майра

қазір балалы-шағалы үлкен әулөттің үлкен үйін ұстап отыр, жолдасы Өмірзак ауылымыздың баласы.

Ата-ененің тәрбиесін көрдім. Үлкенді силау кесе көлденेң үлкендердің алдынан өтпей біз үшін заң болды. Алты айдасын төркінім шақырды сондағана жолдас жора, қайын жұрттыммен еліме бардым. Сол кездері тәртіп инабаттылық ибалаңы қезеңі болды ғой.

Енеміз айбынды айтқанын екі еткізбей қолы ашық Ақмолалық Айтпай деген байдың қызы еді. Тәрбиесі мол 40 жыл бірге өткіздік жалғыз баласының алдында қайтыс болды. Екі жылдасын жолдасым қатты. Тұрған жеріміз орман шаруашылығы сол жерден зейнетке шыққам 1992 жылды. Балаларым қалада болған соң немерелерді оқыту-әкеткізу үшін 2006 жылды қоныс аудардық.

Аллаға ризамын тәубама келемін мың бір шүкіршілік қылышп балаларымның тілеуін тілеп отырамын.

Есенбек, Есенбай аталарымыз жайында жазылған шығар, солармен бірге туган Раҳила әжеміз жайында аз мағлұмат беруді жөн көрдім.

Рақила әжемізден Елубай атты бала болған, Елубайдан — Мырзабай, Мендібай, Мырзабайдан — Болат; Майра, Ира, Жанка.

Мендібайдан — Қайрат, Руслан атты балалары, Бибіжан, Бибіш, Тома, Гүлмира қыздары бар.

Ал осымен тәмамдайын. Еліме кітап шығаруға ат салысып жатқан азаматтарға, бақыт, денсаулық тілеймін.

Естелікті жазушы Кенжетайқызы Жібек.

Естелік Ауылымыздың 100 жылдық мерей тойы құтты болсын!

Қуаныш бәрімізге ортақ. Ауылым туралы еңбек етіп кітап шығарамыз деп ниеттеніп жатқан азаматтарға мықты денсаулық отбасына амандақ, баянды баҳыт тілеймін!

Ниеттеріңіз қабыл болып енбектеріңіз алға бассын. Осы кітаптың жан ашыры апаларың Әйміш Жұмабайқызы.

Маган өз түкімымыз туралы бір екі ауыз жазып жіберіңіз деген хабар келді. Біраз дағдардым, себебі бұрын ештеңе жазып көргем жоқ едім. Не болсада көрейін.

Сонымен біздің өзімізге қараған төрт үй болды біздің қосқанда. Бір әкeden тараған. Біздің үй үлкен үй деп отыратын. Сол отаудан шешем өмірден озғанша айырылған жоқ. Жол жүретін адамдар дәм татып әжеміздің батасын алып көтетін.

Әкемнің әкесі Мағзұм атамың бірінші әйелі қайтыс болған соң, 2 жасар қызымен осы әжемді алышты. Сол қыз біздің үйде есіп Жайлаубайға ұзатылты. Қазір 80-нен асып баласының қолында отыр. Атамың Ыбырай, Жұмабай, Сәду, Мәмилә, Жамал деген үл қыздары болыпты. Ыбырайдан бала болмапты. Жұмабайдан Күлбәршін екеуіміз. Сәдуден Асылбек деген жалғыз ұлы болыпты қазір о дүниелі. Семьясы Соколовқада тұрады. Үл қыздары бір-бір үйдің иесі. Сол Сәду атты баласына өз түкімымызда алғаш болыпты. Сол төрт үйді әкем Бейсен үйі, Біркен үйі, Байбол үйі деп отыратын. Бейсен бапам білімді елге силы адам еді, бірақ ғұмыры қысқа болды. Жұбайы Жәмилә көркіне қарап тоясың, істеген асы, қонақжөнелтүі, бала болсақта білеміз, керемет еді. Аллаға шүкір есімін атап жүретін екі қызы бар, үлдарының ғұмыры қысқа болды. Қыздары не-мерелері жақсы тұрады. Алматыда.

Енді Біркен атам үйіне келейін бұл атам Оразақ, Өркеш, Басар деген аға апаларымның әкесі. Естуім бойынша Орынтай деген қызы болыпты. Ол кісіден Қапиза деген қыз қалыпты мен оны жақсы білемін. Кішірек кезімізде бірге ойнағамыз.



Осы жолы Алматыға барғанымда сол Қапизадан туған қызды көріп өткен уақытты біраң білгенімше әнгіме еттім. Жездеміздің аты Қаш болатын. Ал атамның бұл үл қыздары бірінші әйелі-нен болатын, ол кісі қайтыс болыпты. Екіншіжан ағамының аты Орынбасар еді. Біз сол әжеміздің өгей екенін бертін білдік. Бұл дегенің бір сыйбыс шықпай келінмен екенің (Рәшке аптайымның) арасындағы татулықтың белгісі ғой. Әжемнің шомалада сүт тартып, диірмен үгіп, құрт қайнатып жүретінін көретінбіз. Ағам мен женғем о дүниелік болды. Артында қалған балалары бір-бір шаңырақ иесі. Бақ қолға қойған мұз емес пе? - ериді де кетеді, ал бала артта қалған із емес пе — деген осы.

Келесі ағам Байбол ол кісіден Сатыбалды ағам туыпты. Есепке ете жүйрік ауылдың бухгалтері болыпты. Бұл ағамның балалары да бір-бір үй. Үлкен баласы Ақболат жасынан жауапты қызметте. Аброй атағы ешкімнен кем емес. Қалған балалары да бір қызметтің тұтқасын ұстаған жастар. Женғеміз қазір о дүниелік болды, ағамыздың жоқтығын билдіртпей, бар ауыртпалықты өзі көтеріп балаларды аман есен өсірген еді, бала өсіру онай шаруа емес екенін енді біліп жәрдем ақысын беріп, құміс, алтын алқаларын енді тағайындал жатыр ғой, тірі болса алтын алқаның иесі болып отырар еді, әттен җете алмады. Сөзімнің басында айттым ғой, біздің үй үлкен үйдеп аталатын деп, екі женғем үйге келгенде (Рәшке, Заги) ауыз үйден аяқтарын әрі баспайтын бапам төрін баспаймыз деп, сол өмірден озғанша, әкем төрін баспай кетті көзім көрді. Нендей кішіпейілділік, нендей силастық, нендей әдептілі десенізші. Кейінгі үрпаққа ата жолын ұстаған, бұл керемет үлті ғой. Бұл екі женғем біздің шын атымызды үйдегі қыз, (немесе қаладағы қыз келді деп) кіші қыз деп Күлбәршінді. Бұл да салтдәстүрімізді силағандық. Енді өз әкем туралы: Мен 7-8 жасымда сүм соғыстың атын естідім. Әкемді әкем құралыпты адамдарды әскерге жылып әкетті. Дайындық бітіп, ертең соғысқа кіреміз деп тұрғанда, белінен тік тұра алмай қалыпты шойырылып. Содан госпитальда 2-3 ай жатып үйге қайтарыпты. Әжеміздің қолы епсекті еді, бұлауға салып, неше түрлі шөп тұнбаларын ішкізіп бері қаратып алыпты. Әжеміз құмалақ салушы еді. Әкемді үйге алып келіп есік алдына тоқтаған соң, әкелген кісі үйге кіріп амандық-саулық сұрап «баланыздан хабар бар ма?» дейді, әжеміз: «айға жынық хабар-ошар жоқ» дейді.

«Не болып жатыр, бір құмалақ салып жіберінізші» дейді келген жігіт. Әкем: «апырай балам келіп тұрған өзі» - депті. Әкем

келді, ауылда қалған көрініштегі бала шаға, әкем бірден жұмысқа кіріседі, бригадир, животновод сол басқарған малың бағатын кісі жоқ, өздері бағып өздері есебін жүргізіп қарапты. Әкемнің жақсы жұмыс істеген грамоталары болған көшкенде қайда қалғанын білмейміз. Дожа тәтем екеуін шақыртып районға, бапамын ғрамота әкелгенін білем. Тәтемде ғрамота әкепді.

Міне, Ол кездегі жұмыс қолмен қой қырқады, баз майлайды, шөп күпәналайды, мая қылады. Өз шешемді біресе, нан пісіруге қос басына әкетеді, біресе баз майлауга. Одан тоқта лоборейкада істеді. Күн ыстық, таныңқ атысынан күннің басына дейін сонда біз шешелерге шалап апаратынбыз. Ел ішіндегі жұмыс соғыстан кем болмады, ерте тұрды кеш жатты, тойып ішер тамақ та жоқ.

Кейде әкелген масағымыз аз болады үгуге келмейді онда қуырып шай ішеміз. Сонда қарның ашпайды бұлда заманға қарай алланың берген бізге тоқтығы ғой деп ойлаймын қазір. Әке шешем болсада сол кездегі барлық балаларда балалықтың қызығын көріп өспедік. Ауылда мектеп 3 класқа дейін болды.

Мұғалімім Әйтә тәтем, сұық класс қалам, дәптерде жоқ, бір ауылға бір кітап кезектесіп оқымыз. Содан кейін аржағымызда 7 шақырым Еңбекші деген ауыл болды, онда 7 жылдық мектеп болатын сонда оқыдым квартирдеге тұрып. Онда Мұқан атамның Зейнеп деген үлкен қызы Елубай ағада тұрмыста болатын. Шоқан атамның баласын білмеймін. Қазиза екеуміз, бір тәсекте жаттық. Тәтем қандай еді шіркін, езі көрікті, езі таза мен ол кезде тәтемдей таза адамды көрмедім.

Сол мектепке жаяу барып, жаяу келетін, біз ауылдан қазіргідей ешкімнің мазасын алмайтынбыз сабактан да қалмаймыз. Киетін киіміміз резинка етік, немесе жалаң аяқ, жамаулы көйлек соғыс бітседе халықтың басына түскен ауыртпашилықтан тез оңалып кету оңай болмады. Сол қыншылықты көріп отырсада бір үзім нанды бөліп жеп бір-бірінің амандығын біліп қатысып отырушы еді. «Әке Қекеш әжеп келе жатыр, жолдан құмандарды алындар, құлап қалмасын, төрге көрпе тесендер» деп шешем езі шай қайнатуға кететін. Сосын отырып шей ішеміз, әжене кешегі тіккен көйлекті көрсет біз мақтандып театра барадай киүші едім. Сейтіп ете силас болған еді. Мына кісілерде мамама келетін бір топ апалар еді. Мамамың жалғыз туған інісі болды.

Нагашы ағам нагашы апам екеуі өте тату тұрды, үйлерінің іші кірсе шыққысыз таза болатын. Кек шөптің үстінде шай ішүші едік бәріміз, келмеске кеткен күндер ай. Нагашы апам өте таза аптақ қағаздай болып жүретін. Өмірдің заңы, ол кісіге ерте кәрілік кірді жасы келіп, «шанырағың атаусыз қалмасын, мен болсам шаруадан қалып барамын сен бір жас адам ал, рұқсатымды берем реніш жоғ» депті.

Нагашы ағам біраздан кейін үйленді, ауылымыздың бір белді азаматында өмір сурді. Құдайдан тілеп алған балалар бауырларын да көтеріп үлгіре алмады, нагашы ағам да, нагашы апам да, нагашы женгем де араларына жыл салмай қайтты.

Балалар бұл күнде балалы-шағалы, бір адамдай өмір сүріп жатыр.

Тың котерудің алғашқы жылдары бітіс астықты қоймаға тоғуғе қатысқан ауыл әйелдері мен балалары.



Солдан өңға қарай 1.Қатар-Алтын Есенбекова

2. Қатар-Казенова Мариям, Искакова Балмай, Магзумова Жаныл, Нурекенова Дожа, Есенбекова Айтбібі, Кулбарам Беюканқызы

3. Қатар-Есенгулов Элібек, Есенбеков Төлеш, Усейинов Қенес-Толеуова Орынтай, Сауытбекова Калима.



Тұып-өскен ауылым Сулышоққа 2010 жылы 100 жыл толады екен, осы уақыттың 61 жылында бірге есіп, біте қайнасқан перзенті ретінде мен де, атын Алтын Оразғалиқызы Есенбек әулетіненмін, аздап ой толғағым келді. Алдында ағам, Төлеш, соңымнан ерген інілерім Темірғали, Темірболат, сіңлім Айман осы елдің бел балалары, оқығандары, тоқығандары бар, өзім мақтан тұтатын бауырларым.

Біз 7 атанды қуа келгенде Етекбай әулетіненбіз. Етекбайдың шаңырағын кіші ұлы Есенбек ұстап қалған одан Дюсенбай, Жұумажан, Оразғали, Жұмәли есімді үлдар Балзия есімді қызы туған.

Дүйсенбайдан — Төлеу, Мариям, Бақытжан, Шарбан, Айгерім туған. Есенбектің шаңырағы Дүйсенбайда қалған сол шаңырақты бүгінде Төлеудің ұлы Қайрат ұстап отыр. Етекбайдан тараған туыстар осы шаңырақты «үлкен үй» деп отырады. Жұмажан ағамыздан ұрпақ жоқ, Жұмәли ағамыздан Болат, Жұмабике бар.

Төлеу ағамыздан тараған балалар — Марат, Манат, Жанат, Қайрат, Дулат, Рашид, Рахат, Ерлан — бәрі де балалы-шағалы, жақсы-жақсы қызметтері бар үлгі тұтарлық азаматтар. Мәриям тәтеміз балалы-шағалы, қария адам. Бақытжан тәтеміз ерте қайтыс болды, одан тараған жиендеріміз — Айнур, Бибігул, Шынар — елге келіп тұрады, тұрмыста, жағдайлары жақсы. Шарбан Семей жақта тұрмыста, балалы-шағалы; Айгерім ауданымызда тұрады, балалы-шағалы.

Оразғалидан — Төлеш, Алтын, Темірғали, Темірболат, Айман бар.

Төлеш ағамнан — Ержан, Гүлнэр, Гүлжан, Еркін, Шолпан, Раушан атты бауырларым бар. Ержаннан — Диас;

Гүлнәрдан — Жасулан, Даурен; Гүлжаннан — Жанат, Даяна; Еркіннен — Мирхат, Нұрай, Мереке; Шолпаннан — Тамирис, Қадіржан; Раушаннан — Дінмұхамбет, Дінислям, Дильназ есімді балалар өсіп келеді.

Теміргали інімнен — Диляра, Динара бауырларым бар, екеуі де жоғарғы оқу орнында дәріс береді. Дилярада — Дарина, Шыңғыс атты; Динарада — Нұрсая атты балалар өсіп келеді. Жолдастары (қүйеу балалар) тәрбие көрген азаматтар.

Темірболат інімде — Жалел, Спартак, Анара, Жанара атты бауырларым бар. Жалел үйленген, Айдана атты қызы бар, шекара қызметкері. Спартак университете сабак береді, Анара мектепте ұстаздық қызмет етеді.

Айман сіңлімде — Гүлмайра, Ақдана, Дархан есімді балалары бар, бәрі Сулышоқта туған. Гүлмайра — ұстаз, Ақдана — студент, Дархан — окушы.

Осы әулетімізді жаза отырып ертеректе өмір сүрген, аты аталыңқырамай қалған Етекбай атамызben бірге туған Сасықбай атамыз жайында айта кеткім келеді. Ол кісі бала болмаған, қажылыққа барған, Меккеден киелі дұға жазылған мата әкелген екен. Осы киелі мата жайында Дүйсенбай атамыздың әйелі Әйтбібі апамыз: «Сендердің аталарыңа 16 жасымда келдім, Шұбар (атамыздың атын атамайды екен)» мына матага ие бол, жоғалмасын» деп маған берді, сақтап жүрдім. Бірде Кенжетай қайнымның жалғыз ұлы қайтып, сол үйге бір ұл болар ма екен деп Бибітайға ырымдал бердім, шынында Темірбек атты ұл туды. Ал киелі матаны бірден қайтып алмадым. Бірде сұрасам: Бибітай: «Ол матаны Жұман деген молла құдам қалап алып кетті» дейді. Өткен-кеткеннен сәлем айтып, көмек сұрап едім бәрі коммунист болып кеткендер «онда тұрган не бар» көмектеспеді, ақыры айырылдым. Етекбай тұқымы өсіп, дүрілдеп ауылдың бір шетін түгел алып жатқан жанды-жақты 7-8 үй болды. Бүгінде бетке ұстар азаматтары ерте қайтып іргесі сөгіле бастаған сияқты, өзім тоқсанды алқымдал тұрмын, «сол киелі матамен жақсылықтар кетіп қалды ма, деп ойлаймын да отырам» дегені бар.

Кім білсін, ол кісінің де сөзінің жаны бар шығар, әр

өскеннің бір түскені бар, бұл да алланың пендесіне қояр шарты сияқтығой.

Сасықбай қажының қыстауы қазіргі Писаревка селосының маңында көлге жақын, тас жолдың оң жағында болған екен, сол жерде қазақ зираты бар, әкем көрсеткен. Әкем Писаревканы «Өзіміздің қожым (ертедегі атауы) ғой деп отыратын». Үлкендерден естігенімді баяндағым бар. «Сасықбай қажы салт атпен, артында ерген тазысы бар Саутбек қажыға келіпті. Үйден Сауытбек қажы атамыз қонақты қарсы алмақ болып шыға келгенде, иті бірге ере шығады, қонағымен «ассалау мағалейкүм» деп амандастып жатқанда екі ит төбелесіп кетеді. Сол кезде Сасықбай ата аттан секіріп түсіп иттерді айырып жібереді. «Сасеке, берген сәлемімді алмай иттерді айырғаныңыз қалай?» дегенде «итіңнен итім жеңілсе намысым келеді» деп сөзіне сөз қайтарып барып, «уагалейкүм иссалам» деп төс тақасқан екен.

Ата-бабаларымыз сөзге көп мән берген, сөзді қақтықпай көп білген ғана сөйлеген, сөйлей алмайтындар көбіне тыңдушы болған.

Сасықбай қажы атамыз қартайған шағында ауылымызда Есенбек атамыздың қолына келіп қайтқан екен, қайтарында «аталарым жатқан қыстаудағы зиратқа жерлеңдер, күн сүйк, зират басына маздатып от жағындар, аттарыңды бара жатқанда қатты айдандар, қайтарда бір-біріңмен жарысып қайтындар» деп өсиет етіпти. Әкем «менің жас кезім еді, атамыздың өсиетін бүлжытпай орыннадық» деп отыратын.

Әкем Оразғали Сулышоқ ауылымызben күрдас деуге болады, былтыр 100-ге келді, өз ісіне өте ұқыпты, тиянақты, қақ-соқпен жұмысы жоқ, көп сөйлемейтін адам еді. Ұлы отан соғысына бастан аяқ қатысып «За взятие Кенигсберга 10 апреля 1945 года», «За победу над Германией в великой отечественной войне 1941-1945 г.г.» деген медальдар алған. Соғыстан кейін қираған қалаларды, темір жолдарды қалпына келтіруге қатысқан, елге 1947 жылы аман оралып, сол жылдың күзінде анам Дожамен қосылған екен. 1950 жылдардың басында әкем қыс бойы Түмен облысында ағаш дайындауға, жаз бойы сол ағаштан мал қора, қоймалар салуға қатысатын

ауылдың белді ұсталарының бірі болды. Хамит Искаков ата, Сәду Бектембаев әкей (әкеммен құрдас еді) үшеуді көп жылдар бірге істеп, 1960 жылдары көп үйлер тұрызған, жастарды ұсталыққа үйреткен адамдар болды.

Әкем 1990 жылы 81 жасында, ауылымыздың өз үйінің босағасынан бақылышқа аттанды, осы ауылымыздың зиратына жерленді. Ауылдағы әкем мен шешем салған үйдің отын өшірмей жалғыз сінлім Айман жолдасы Марат Шегебаевпен балалы-шағалы болып бір от басындей өмір сүріп жатыр. Біздер туыстары ризашылық білдіріп шүкіршілік етіп жүреміз.

Анам Сыздыққызы Дожа (шын аты Дәметкен) атанаасының 14-ші қызы екен. Әжеміз Дәмелі, ел арасында Қекеш деген атпен танымал, мен 4-ші сыныпқа дейін сол кісінің бауырында өскенмін, 87-жасқа келіп қайтты. Әжем шешеме дейін 13 қыз туған, солардың тәртеуі ғана тұрмысқа шыққасын, бір балалы болғасын қайтыс болған, ал тоғызы бала кезінде қайтқан екен, неткен қайғы-қасірет десенізші. Мәлике апамыз (Сөлтай ағамыздың шешесі) «9 баланы жерге бердім, бұл күнде өзімнен туған бала жоқ» деп егіліп отыратын. Неден солай болды екен?

Анам Дожа оқымаған, қолын латынша қоятын, еңбеккөр, жауапкершілігі жоғары, намысты, қараулы кісі болған. 1930 жылдардың бас кезінде қарсылықтарға қарамай өзінің ұнатқан адамы-бөлесі Нұрекенов Байғазыға тұрмысқа шығады. Ол кісімен бірге болған күндерін құрметпен, жылтылықпен былай деп еске алып отыратын: «Байғазы кең иყқеті кербез жігіт еді, ағасы Бейсен ағатайым Жәмиля алтайыммен мені бірдей киіндіріп інісімен бірге алып жүретін. Жәмилә аптайым көбіне іс тігетін, мен үй шаруасын тындыратынмын, сондай тату болдық, арамызға сыпсың сөз жүргізгісі келетіндердің езі ойланып қалатын». Байғазы атамыз 1941 жылы соғысқа алынып, хабарсыз болып, біраз уақыттан кейін «қара қағаз» (қазасы жайында хабар) келіпти.

Анам 1939 жылы Мәскеуде алғаш ашылған халықшаруашылығы жетістіктері көрмесіне (ВДНХ) Қазақстанның солтүстік өнірінен қатысқан делегаттардың бірі болған. Өзі «делегат дайындау кезінде әркім өз туысын, келінін тықпалай бастады, менде туыс жоқ, ойыма

ештеңе алмай жүре бердім. Бір күні мені кеңсеге шақырды «Сіз Мәскеуге барасыз, дайындалыңыз, еңбеккүніңіз ең көп, шешім солай» деп екі уәкіл кетіп қалды. Жұғірген ала ма, бұйырған ала ма, адап еңбекті көретіндер де болады ғой, сөйтіп Мәскеуге барып мәдениет байлық, сый құрметтің түр-түрін көріп қайттым. Еңбек, адалдық адамды өсіреді, осыны естеріңнен шығарманда деп отыратын.

Анамның еткен еңбегінен хабардар ететін мына бір құжаттарды бәз қалпында келтіре кеткім келеді (қазақ тілінде аудармасы жоқ, мүмкін Мәскеуде дайындалғасын солай болған шығар):

Нуркеновой Доже

1. Депутатский билет Булаевского районного совета I созыв 1939 г.
2. Депутатский билет об избрании депутатом в Северо-Казахстанский областной совет, второй созыв 1948 года.
3. Депутатский билет об избрании депутатом в Северо-Казахстанский областной совет. 18 декабря 1950 года.
4. Медаль «За трудовое отличие 1 марта 1939 г. 1941-1945 г.г. от имени президента Верховного Совета СССР вручена 4 апреля 1946 года.
5. Медаль «За освоение целинных земель»

Анам жайында ауыл тұрсын көрші аймақтардың адамдары «апаңды аудан өкілдері паратпен елді мекендерді аралатып Мәскеуде болғаны жайында, облыс көлемінде болып жатқан жаңалық-жетістіктер жайында айтып беру үшін жиылды шақыратын. Комиссарлар киетін былғары плащ, бастон, швиоттан әдемі киініп келетін, жалбаңдап жеңіл әңгімеге құлақ салмайтын, салқын өнді, еркек мінезді адам еді» деп көnlімізді көкке көтеріп тастайды.

Мені анам 32 жасында туған, балаларының үлкенімін. Ағамның аны Жаңыл апай Смаил атты қарияның жалғыз қызы болған, соғыс кезінде қайтыс болған екен. Апам «Жаңылмен бірге өсіп едік, соғыстың зардабы көп болды ғой. Төлеште ерте есейді, соғыстың

соңғы кезінде 7-8 жасында жұмысқа араласты, анасы сұлу болатын, ағаңың Гүлнәрі Жаңылдан аумайды, өзін өзгеше көрем» деп отыратын. Апам колхоз, совхоздың жұмысынан қол үзген жоқ, бірақ «қазіргі бар байлығым балаларым сендерсіндер, салтбасты, жұмысбастылық менен қалған, енді өздеріңің тілектерінді тілеп, тәрбиелуем керек» деп жазғы қызу науқанға қатысатын. Биік-бійк етіп егіншілерге белке нандар пісірді, жүгері сүрлемін дайындауға қатысты, қой қырықтығына шығатын. 1973 жылы 29 іюньде қой қырықтығын бітірген күні жүрек ауруынан 55 жасында, зейнеткер де атанбай кенеттен қайтыс болды. Тағдырға не шара. Экеміз әрі әке, әрі шеше болып 64 жасында қалды. Алланың қолдауы мен, анам берген тәрбиенің арқасында, әкеміздің қамқорлығымен, ағайын-тұғанның сүйемелдеуі мен тосын, қазаны да балаң иықтарымызбен көтеріп алдық. А나мның абысындары Әйтбібі, Бибітай апалар қашан да қасымыздан табылатын, топырақтары торқа болсын.

Бір бірімізді қолдай жүріп жоғары білімді болдық. Бүгінде Темірғали інім ғылым докторы, профессор, Солтүстік Қазақстан облысының энциклопедиясына енгізілді. Темірболат інім осы кітаптың шығуына ат салысқан елгезек, ақжарқын азамат, жақсы қызметі бар. Айман сінлім — арнайы орта білімі бар, ауылымыздағы мектептің шаруа жүргізушісі. Өзім қазір зейнеткермін. Бухгалтерлік қызметімді Сұлышоқ ауылымда бастадым, 6 жыл ага есепші болдым. Содан кейін шет совхоздарда бас экономист, бас бухгалтер, 1990 жылдары сайлауға түсіп партия үйімінің хатшылығына етіп 2 жыл істедім. Денсаулығым жақсы болды деп айта алмаймын, бірақ «талпынған тауға шығады» деген сөздің растиғын білемін. Құрметті оқырман, бұл кітапты ұрпақтар оқыр деген ниетпен: «өмірдің қызығы мен шыжығы көп, өте ауыр кезеңдері де баршылық, сол шақтарда табандылық танытып алға жақсылыққа үмтүлсан, арты жақсылық болары анық» дегім келеді.

Осы бір ғасыр ғұмырда еліміздің, жалпы қазақтың басынан өткен жайлар біздің Сұлышоқты да айналып өтпеді. Апам: «ақтар мен қызылдар араласқан кезде бала болдым, жайлауда тұрып жатқан кез болатын. Бір күні

ауылға шапқыншы келіп, ақтардың әскері өтеді екен, үлкен жолдан алыстап көшсін, қыз-келіншек, малға қыргидай тиеді екен» деген хабар әкелді. Ауыл қалың ағаштың бір бауырынан екінші бауырына орнықты. Әжелерің ақылды кісі болатын, денем ірі 7-8 жастамын, шашымды қырқып шалбар кигізіп қойды. Жастықтың астына тамақтарды тығып, төрге тесек салып мені жатқызып қойды.

Ақтардың әскерлері ауылға келді, бізге де кіріп кебежені қарады, ештеңе алмады, біреуі келіп көрпемді ашып қарады да шығып кетті. Ауыл малды алысқа айдал тастаған, ертеніне «1-2 бас қой, торпақ әкетіпти» деп естідік. Ауыл адамдарының анғалдығына қайран қаламын «көш деген соң тым болмаса 4-5 шақырымға көшпей ме, 150-200 метрдей орын ауыстырған. Тұтін ісі, иттер үреді, оның үстінен шебін жпырып ағаш арасымен көшкен ғой. Сол кигізген шалбарды 18-ге дейін кидім» деп отыратын. Ауқатты бай отбасының малдары орталықта алынған дүние-мұлік тәркіленген, көзі ашық, окуы бар ауылымыздың азаматтары қарсылық білдірген, олар құғынға ұшыраған, ресейдің тары, Омбы қалаларында бой тасалаған. Осы тұста ауылымыздың аяулы, дана қариясы Нұрмұхамбет атандың әңгімелері есіме келеді. Атамызды ел іші «айғай» дейтін, мүмкін ойы үшқыр, тілі өткір, дауысты адам болғаннан шығар. Атамыз кеңсеге телефон соғуға жікі келетін, бірде Темірғали інімнің отырғанын көріп «білсін» дегендей өткен өмір жайында көп әңгіме айтты, ойын тұжырымды қекейге қонатындағы етіп сөйлемді. Кейін Темірғали екеуіміз «атамыз аяқта жүрген энциклопедия еді, шіркін, әңгімелерін магнитофонға жазып алсақ қой, тұнып тұрган шежіре ғой» деп әкініп жүрдік. Атамыздың әкесі конфискацияға іліккен бай адам болған, ол жайында архив құжаттары бар. Атамыз: «Жас кезім, жасқа бас, үлгі болам» деп дүрілдеп тұрган шағымда жиган-тергенді жаңа үкімет сыйырып алды, қарсылық көрсетіп едім қудалауды бастады. Алыстағы ағайынға барсам оннан да тауып алатын болды. «Бұл бір 100 көзді үкімет болды ғой» деп мен сияқты қуылып жүрген жігіттер жиналғанда күлетінбіз, әрине мәлімет берушілер де қалғынады, бастан көп дүние өтті ғой, арада көп жылдар өтсе де «бұл үкімет оңбайды» деп айтуымды қоймаймын. Әуел баста байлықты тартып

алса да біз сияқты шаруаны білетін, көзі ашық, сауатты адамдарды қудаламай жұмысқа тартуы керек еді, одан қалды үкімет басындағылар өздері өлсе де орындамайтын бір шарттарды ойды матап халыққа жаттатып қойды, қолды матап — сол қолдарға дүние оралмайтында етіп сан тосқауылдар қойды» деген сөздерді өңі қатқылдана отырып айттып еді. Біз де жаспсыз ғой, екі ойлы болып тыңдасақ та ойымызға қонымды бір жәйттерді сездік. Бірде атамыз «Алтынжан, атапардың таралуын жазып алшы», деді. 7 ата емес 15 атанаң таралуын бір мұдірмей жатқа айттып отырды. Сол күні бір шофер ағама мақтанып көрсетіп едім, көшіріп алуға сұрады да «жоғалттым» деп қайтармады. Содан көп ұзамай Нұрмұхамбет атамыз дүние салды. Басы Мұлкіс хан, Қылды батыр деп бастаған еді, соны сақтай алмағаныма аманатқа қиянат жасағандай қатты өкінемін.

Кедейлерді, орта шаруаны біріктіріп колхоздар құрылған, біздің ауыл да «Сталин» колхозына енген. Коммунистік партияның нұсқауларымен өзіне тән басшысы, қосшысы, еңбекшісі болған. Колхозға Сталин атын беру-бар қүшінді салып, еселі еңбек етуге, партияның ұрандарын қолдап, алда болуға атойлад тұрғанын біз үрпақтары түсінеміз. Таза қазақ ауылшының батыс бүйіріне тақап шошқа базын салуы, шағын сарыскөлдің батысында шошқа аунауы, шығысында ауыл малын суарып, шомылып, кірін жууы Сталин саясатының ақырып тұрған кезеңінің айғағы. Сталин дүние салып, шошқа ауылдан әкетіліп, шошқа күтуші орыс отбастары ауылшыздың шетінен қоныс тепті, еңбекке жақсы араласты, көбі қазақша сейлеп, той-думандарға араласып кетті. Анохин Илья деген ағайдың өзі құрастырған тракторы болды, мектебімізге мотордан алғаш электр жарығының берілуіне көп ат салысты. Зина, Серафима апайлар ауылшыздың көп балаларына кіндік шеше болды. Көрші Люба есімді аспазшы, әмір бойы мектеп-интернатта тамақ пісірген адам, ел ол кісіні «Мамаша» дейтін, жалғыз қызы Нина 8 жылдықты қазақша бітірді, бірге оқыдық, ауылшызды «тәркінім» деп отыратын.

30-ыншы жылдардағы ашаршылықты да ауылшының көрген, үлкендердің айтуы бойынша: барын бөлісіп,

жылдан-жылға ілігіп кету үшін бір-біріне көмектесіп, құн-көріс үшін келген Көкшетаулық, Айыртаулықтарды ортасына алып, ел шетіне жете алмай аштықтан — сүйктан қайтқандарды қар кете ауылға әкеліп жерлеп адамгершілік танытқан.

Сол 30-ыншы жылдардың екінші жартысында ауылымыздан «саясатқа қарсы» айдарымен ұсталып кеткендер, кейін атылып кеткендер де жоқ емес сияқты.

Соғыс жылдары Кавказдан жер аударылған 25-30 шақты отбасы ауылымыздың солтүстік шығыс бүйіріне келіп орнықты. Ол кезде асар жасап шымнан үй түрғызуға көмектесу ауыл адамдарының борышы саналған, ағаш баршылық, сәл шетке шықсан қайың, терек басыңа құлап тұрған жер. Шешен отбастары да ел мен жақсы арапасты «қазақты сыйлайтынын білсін» деді ме кебі қазақша сөйлеп, балаларын мектебімізде оқытты, үлкен бақша ашып, көкөніс есіріп ауылды қарық қылды. Кебі көп балалы отбасылар, мысалы Калиматовтарда — Тамара, Эмма, Раиса, Тухит, Мухит, Уахит, Яхит, Рамазан атты балалары болды, осы балалардың анасы ауылдың зиратына жерленді. 1950 жылдардың ортасында тағы да сол Сталиннің марқұм болуына байланысты елдеріне жаппай көшіп кетті, көп жылдар хат жазысып тұрды.

Ауылымның адамдарының кеңпейілділігі әр айтып отырған әңгімелерінен көрініп тұрады. Соғыстың алдында халықтың жағдайы бір көтерілу кезеңінде болған сияқты. Елде той-думан, шақырыстар болып тұрған, ауылға келген отбастарын ортаға тартып, келгендердің адамгершілігін танығасын, біреулеріне өздері туыс болып, енді біреулерін өздеріне туыс қылған екен. Мұсылмандарда көнілі қалаған жанмен ант етісіп, кейде қан шығарып бауыр болып кететін әдет бар, елім бұл әдеттен де кем қалмапты. Әкем Мәлік, Сейпік Жусуповтардың отбасымен «Өкіл күйеу» болып туыстық жол ашыпты, анам әкеме қосылғасын Мәлік атаны тұган ағасындағы сыйлады, ал біздер ол кісіні, ұрпағын «нағашы» дейміз. Мәлік ата ақжарқын, кәүкілдеген адам еді, соғысты, тұтқында болғанын айтқанда өні қатылданып өзгеріп сала беретін. Інісі Сейпік соғыстан оралмады. Сейілхан атты ұлы бар. Мәнтәй апамыз арамылығы жоқ, отырған жері күлкі болатын, апам екеуі керемет дос болды. Әмірдің сол бір кезеңінде Қазақстанда «жәрменеке», «айтыс», «жарыстар» өткізіліп тұрған. Соңдай бір

Көкшетауда болған жыында, апамның айтуы бойынша, Қойшыбай атамызы (ол кісі Қанен қажыға ағайын, Маулия есімді жалғыз қызы бар) бәрін жеңіп тұрған күрескерге қарсылас табылмай қалғанда «Атбасарда сақтаған құдайым, Қараөткелде сақтаған құдайым, әлі де сақтай гөр» дег ортаға шыға келеді. Өмірі күреслеген адам екен. Жас, денелі жігітten күрескер қаймығып бас тартады, басқа қарсылас шықтай атамызы елге жулделі қайтады.

Соғыс кезінде жем-шөп дайындаумен айналысқан еңбектестері жайында апам «Жайлаубайдың Орынбасары тракторда істеді. Сейпіктің Бибітайды, Жанботаның ырысжаны Сәдудің Қазизасы айырға өте мықты, жаңындағыларға күш түсірмейтін кепіншектер болды, Ысқақтың Рахимасы шаршаған кезімізде құлдіргі әңгімелер айтып қөнілімізді көтеретін» дег отыратын.

Н.Хрущев Сталиндік көп қагиданы бұзды, ауылымыз «Эңбекшіқазақ» колхозы болды. 1950 жылдардың ортасында тың қөтерушілер келді, одан кейін құрылыс отрядтары келіп ауылымызға 3-4 үй салды, сол үйлердің сүйкә тәзімділігі болмай, әрі сүйк болып ғұмырлары қысқа болды. Егін көп шығып, астықты шәрам үйдің төбесінен құйғанын өзім көрдім. 1960 жылы колхозымыз «Қазақстанның 40 жылдағы» совхозы болды. Совхозды «Кеншар» дег атап жүр, мен сол кезінде қалай аталса солай атауды жөн көрдім. Ауылымызben Қоскөл ауылы осы совхоздың 4-ші бөлімшесін құрады. Бұл кездің де өз қызық-шыжықтары болды. Керсеткішің жақсы болса кеудене орден медальдар тағылды; жаман болса — партия бюросында талқыға түстің. Дегенмен, бастың, малдың амандығын тілеген адад еңбеккерлер ауылымыздың, жалпы елдің көркейінә жақсы ат салысты.

Бөлімше мал бордақылаумен айналысты, арасында 2 рет сауын сиыр гуртін әкеліп әкетті, себебі белгісіз. Ауылымызда зоотехник болып Есенбеков Телеу ағамызы істеді, мал бригадирі болып Жусупов Жамали тәтеміз істеді, кейін ол кіслер қайтқасын Амантай есімді күйеу бала істеді. Жәмәли тәтеміздің малын санағанда жи артық шығып қайта санайтынбыз. «тәте, бұл қалай?» дег сұрасақ «жетпей жатқан жаман, артық шыққан онды емес пе?» дег қүлетін. Сейтсек ол кісі өзі шетке жіберген малды қаққан шегедей

етіп есебінә жазады да, ал өзіне келген малды көрсетерде ұмытшақтық жасайды еken. Біз де қуланып басқа бөлімшелерден келген малдың санын телефон арқылы біліп отыратын болдық. Жандары жайсаң адамдар ауылымызда көп болды ғой.

Егін шаруашылығының есебін Искаков Қожабай аға жүргізді. Мен, күні бүгінге дейін, қағазжазуда, есеп жүргізуде бүл кісідегі ұқыпты адам көрмедім. Әр әрпі, саны қыздың кестесіндегі дұп-дұрыс, ал-анық жазылады ғой. Ол кісінің есеп беру құжаттарын қарағанда көнілім көтерілетін.

Совхозымыз суырылып алға шықпаса да балпаң желіспен алға жылжыды. 1977 жылы совхоздың көлемі ықшамдатылды, 2 елді мекен кетіп, Успенка селосы 1-ші бөлімше, Сулышоқ пен Қоскөл 2-ші бөлімше, Рошин селосы 3-ші бөлімше болды. Ол кезде нени, қанша өсіру, өндіру жоғарыдан келеді, совхоздар қалай өндіру жоспарын жасайды, жұмысшылар комитеті бекітеді, үстеме міндеттеме жүктейді. Сол міндеттемені орындасан марапатталасың.

Совхозымызда қой шаруашылығы болған, қысы 8 айға созылатын солтустікте қой өсіру қымбатқа түседі, оның үстіне ет, жүннің бағасы төмен, осы да басқа жәйттер шаруашылықта көш бастаптаған сияқты. Бірақ, жылжымалы ту, вымпелдарды жиі алып тұратын, 2 орденнің иегері Шыңғысов Сайлау ағамыз да біздің бөлімшеден болатын. Ол кісінің де балалық шағы Сулышоқта өткен. Әкесі Сейтжан атамыз керемет ұста болған. Басқа медаль, ордендері бар, атақ-лауазымы бар ауылдастарымыз жайында ұрпақтары жазған шығар деген ойдамын. Ертеректе ауылымызда өз киім шеберлері, аяқ киім шеберлері, зергерлері, темір ұсталары болған.

Ауылымыздың әйелдері түгелдейдеуіме болады, алаша тоқып, кигіз басып, тасқілем тоқитын, бүл істерін ән айтып, күліп-ойнап жүріп істейтін. Кигіз басқанда «қой басты» деген ырым болды, шидегі кигізді теуіп апарып бір үйдің алдына тоқтайды, ол үйдің иесі тәтті алып шығып кигізшілерге тарататын.

1960 жылдары үлкен мәдениет үйі салынды, сол кездерде ауылымыздың азаматтары, қыз-келіншектері, - Балғымбек аға, Темкей аға, Мәнәп аға, Рәш тәтеміз т.б.

пъесса қоятын, ал Уалихан, Қали, Ерғали, Сабит ағаларымыз ән айтатын, халық қол соғып Шайрам, Құлбарышын тәтелерді ән айтуға қайта-қайта шақыратын. Мектеп оқушылары жиі концерт қойып тұратын. Жазғы кезде біріккен концертпен көрші ауылдарға шығатын.

Кейін халықтың төлеу қабілеттілігі өсіп тауарды дүкеннен тандап жүріп алған, келіншектер нан пісіруді де қорған кезде партия құлап, үкімет тарап 1991 жылды тоқырау кезеңі елімізге сап ете қалды. Совхоз тарады, мал мүлік «қарыздарды жабуға кетті» деген сөздермен құмға сіңген судай болды. Бір үйдегі бір азамат жұмыссыз қалды. Сонда ауылдастарым жалға жер алып, бар техникаларын жамап-жасқап пайдаланып, егін егіп, жем-шөп дайындауды, табыс қөзі жеке меншігіндегі малы екенін де түсінді. «Сен маған, мен саған» деген қағидасы бар нарықтық қатынас пайдада болды, бұл қатынастың заңына тезе алмағандар ашқан шаруашылықтарын жапты. Тәжірибелі адамдардан құралған, есепті дұрыс жүргізіп табанжалдылық танытқан ұжымдар алға жылжыды, олар Кенбаевтар, Жәнібековтар ұжымы. Қазіргі кезде Жәнібековтар ұжымы улken, негізі орнықты, келешегі зор шаруашылық. «Елде болсын» деп өңбек етіп жүрген азаматтарға табыс тілеймін. Нарықтық заң мектебімізді қайта-қайта қырына алып жабылу шегіне тірер берді, ауылымыздың көпбалалы аналары, азаматтар мұнда да іскерлік танытты. Сол кезде заттай, ақшадай көмек берген Қуандық Қайрленовты айта кеткім келеді. Ең алғаш әріп жазуды үйреткен Рысқұлова Бикен тәтеге, орысша жақсы сөйлеп, қатесіз жазудың сырты-қырын үйреткен Ахметова Бибіжамал апайымға есеп-қисапқа құмарлығымды ашқан Кәкібай ағаға, Мендібаев Мұрат ағаға қазақ тілін қадірлеп, қастерлеуді үйреткен Қожахметов Жаңбыршы ағаға, басқа ұстаздарыма айтар алғысым шекіз.

Сөз соңында «Алыс кетсем қол бұлғап шақырып тұратын, кіріп келсем төрін ұсынатаң, жастығымның базары болған жер, аруақтардың әке-шешеміздің мазары Тұрган жер, Сұлышоқ ауылым, үрпағыңың айналып жүрер алтын қазығы болуыңа, ірген сөгілмей гүлдене беруіне, жаны таза жайсан үйдегі тұздегі азаматтарының аман болуына шын жүректен тілекtesпін» дегім келеді.

Ауылым «Сұлышоқтың» ғасыр тойына қайырлы болсын айтамын! Үлкен кішісіне ұзақ ғұмыр, бақытты өмір тілеймін. Ауылда туып-өскен, тәлім-тәрбие алған мен қыздарың Алтын Оспанқызымын.

Әкем Тілеулі баласы Оспан үлкендерден естуім бойынша, азаматтығы мол, ерлігі, еркелігі бар адам болыпты. Атам Тілеулі, әжем Қалиша ерте қайтқан болған еken. Мен әкемді ұстап әкеткеннен кейін 6 айдасын туыппын әкем 1938 жылдың 23 февралінде қаза болған. Ауылда өскен шақтарымды бақытсыз болды деп айтпаймын. Шешелі жетім, ерке жетім болып өстім. Соғыс кезінде үлкен де, бала да ауыртпалықты тартты, шешем таңнан жалғыз сиырды жетектеп егін себуге, шөп астық жинауға кетеді, қараңғыда келіп таба нан пісіріп кетеді. Үлкен Райса есімді тәтем екеуіміз шешеміз келгенше үйіқтап қаламыз, әжем келіп қамқор болатын еді. Әжемнің екінші аты «алай» еді, айбарлы өзінен кішіге алая қараса сескендіреді еken, аздап кісі өмдейтіні бар еді. Кішкентай кезімді төбеге шығып ойнауды жақсы көрдім, бірде құлап қалып талықсығанымда әжем етегімен желпіп, үшықтап түргызып алғаны бар. Ол кездің әжелері менікі-сенікі демей бәріне қамқор болатын. Енді бір әжем Оразалы ағамыздың шешесі «Зорауыз» (ел арасындағы аты) балаларды жуа, қарақат теріп әкелуге «Сиыршілікке» ертіп баратын. Жаз бойы «Сарыкөлдің» сұнына шомыламыз.

Үйіміз көшенің орта тұсында болды, қарсы бетте Досыбай ата Әйке әжемізбен, олардың қайтарында Жәми тәтем баласы Қайдармен, одан әрі Оразалы аға (көп жанды) үйлері тұрды, қатарымызда кішірек ағаш үйде Көкеш әжеміз, Дожа тәтем, Әзилә тұрды. Бірде Көкеш әжемнің үйі құлап қалып, біздің үйге көшті, біз өзіміз үшеуміз. Әкемнің қарындасы Бәтимә тәтем бар. Ол кезде 2 бөлмелі үйде он шақты адам тұра береді, адамдардың ниетінің кеңдігі ме, әлде ақылдарының молдығы ма? Көкеш

әжем, оймақтының шебері болған. Өзі құлдіргі әңгіме айтушы еді. Ертеде Ордабай атам Сарыойдан Қанапия әжемді алыпқашып келеді, іле әжеміздің 2 ағасы, құғыншылар арттарынан кіреді, сонда Қекеш әжем денелі, кен, ұзын бурме етекті көйлек киетін, Қанапия әжемді етегінің астына тыға қойыпты, құғыншылар таба алмай шығып кетіпті.

Алаңсыз қайран ауылымда өткен өмірім ойымда сайрап түр, баяндауға көп уақыт керек.

Есейіп ер жеткенше көп қамқорлықты ағам Қерібай Байтұяқұлынан көрдім. Ол кісі барлық туыстарының жетім балаларына көмектесті. Апайының балалары — Күлбан, Күләй, Әлібай ағасының баласы Жаныбай қағажу көрмей ағаның — жеңгенің аясында өсіп жатты. Қалима жеңгем оларды да мені де шетқақпады.

Жетім-жесірге қамқор болған ағамызды «бапа» дедік, ол кісі ел ағасы болды, артында Базар атты қызы, Базарбай атты ұлы бар. Базар балалы-шағалы, ұстаз болды, бұл күнде зейнеткерліктің рахатын көріп отыр, Базарбай інім, Мәриәм келінім де балалы-шағалы, үлгілі отбасы, зейнеткерлер.

Ауылымның адамдарының маған берген тәлім-тәрбиесін баяндай отырып «Ендігі өсіп келе жатқан жастарға біз көрген бізден бұрынғылар көрген қыыншылық кездеспесін. Темірболат Оразғали ұлына ойлаған ойын іске асып, жездеммен тәтемнің, жақсы-жайсан қарттарымыздың аруағы қолдасын» дегім келеді.

Өмірден ерте өткен
Ардақты анам -
Дәметкен Сыздыққызының
(Дожага) рухына арналады.
Қашан болсын көз алдында
Сен тұрасың, Анашым.
Мейірімің барлық жаңға
Үлгі, өнеге болғансың.

Ұмытпаймыз, есте ұстаймыз
Қасиетті ананы.
Әшпейтін із қалдырыпты
Таң қалдыrap адамды.

Сұлышоқтың табиғаты
Баяғыдай көрінеді.
Жазиралы кең даласы
Өткенді еске түсіреді.

Калинин өз қолымен
Орден тақты құрметтеп.
Еңбектегі ерлігінді
Көріп жүрсін елің деп.

Пар ат мініп жүруші еді
Елден ерек эсем бол.
Күні кеше айтылғандай
Алғыс сөзі еске кеп.

Москвадан келгенінді
Көргендер бар өліде.
Дәметкендей депутатын
«Дожа» атапты бәрі де.

Асыл ана рухына мен арнаймын.
Елі білер қызметі қандайын.
Топырағы торқа болсын
Иманды бол иллайым!

Есіме түсірейін Сұлышоқты
Әркімнің тұған жері өзіне ыстық
Сұлышоқ тұған жерім сонда өстік.
Сол елде оқу оқып, атқа мініп,
Адамның біреуі едім, өсіп жеттік.

Сұлышоқ - табиғаттың әсем жері.
Шоқ ағаш көл кәмкерген елдің көркі.
Салқындал ыстық кезде суға түсіп,
Құшқан жер ертелі - кеш самал желі.

Күзі де Сұлышоқтың думанды да
Құс қыып, балық аулап, шықтық аңға.
Жастары алтыбақан жасап қойған
От жағып ойнаушы едік барып сонда.

Жан анам ертелі - кеш шаруа бақты.
Колхоздың жұмысы көп, тәртіп қатты.
Жұмыстан, жиналыштан бір қалмайтын
Бізді де жеткізуге уақыт тапты.

1. «50 жас, ел ағасы» - дейді қазақ,

Сол жасқа келіп қаппын - өте ғажап?!

Елу жылда ел жаңа деген рас,

Көп адам көрінбейді болған сырлас

2. Адамға ыстық екен туған жері,

Сағынам Сұлы-Шоқтай туган елді

Есімнен еш кетпейді бала көзім

Тыңдауышы-ек үлкендердің айтқан сөзін.

3. «Адам басы Алланың тобы» - деген

Шет жайлап алыс кеткен мен ғана емес.

Ағайыны Сұлышоқта бірге болған,

Бәріңе сағынышты дүғай сәлем!..

4. Сағынып хат жазушы Темірболат

Балаларым өсіп-жетті болар қанат

Қызығын осылардың көрсем деймін.

Болайық бәрімізде сау-саламат!...

5. Сыйласу адамшылық қасиетті іс.

Жүргүге түзулікпен керек көп күш.

Ойға алған мақсатыңа жету үшін,

Алладан медет сұрап, тезірек үш!..

Сұлыш-Шоқ

Қайынды, сұлы жайсаңым,
Жер сұлуды – ауылым.
Тынысымды кеңейтіп самалым
Құшақ жайған самалым.

Еңбегімнің жемісін,
Сенде көрдім ауылым.
Тұған-тыс қасымда
Өмірдегі қаруым.

Құрметтесіп адаммен,
Талай туыс, дос болған.
Ұядан ұшып түлектер,
Көңіліме нұр толған.

Жасай берсін ел жұртый,
Сағындырыған адамды
«Жұзге толар» ауылдың
Жақсы болсын заманы

Ахметова Бибижамал

Осы кітаптың шығуына жанашырлық танытывп, демеушілік көрсеткен :

Жұлдызхан қажы, Әлжанов Молдашқа, Мәриям Қондыбаеваға, Елубаев Қайратқа, Сапарғали Жәнібековке, Есенбаев Жасланға, Оспан Ысқақовқа, Марат Қазеновқа, Қайырлы Қазановқа, Алтын Оспанқызына, Сәбит Төлешовке, Қазкеш Исқаковаға еңбектерінізге табыс, отбасыларыңызға бақыт, өмірлеріңіздің қызықты өтуіне шынайы ілтипат білдіремін.

K/o *жор*

Темірболат Оразғалиұлы Есембеков.

Мазмұны:

- | | |
|---------------------------------------|---------|
| 1. Сулышоқ ауылдың тарихы..... | 1-28 |
| 2. Әулет тарихы..... | 29-37 |
| 3. Ел азаматтары – отты жылдарда..... | 38-50 |
| 4. Ел ағалары мен аналары..... | 51-52 |
| 5. Туған ел тұлғалары..... | 53-133 |
| 6. Естеліктер..... | 134-156 |
| 7. Арнау өлеңдер..... | 157-160 |

Отпечатано в типографии
ТОО “Издательство “Северный Казахстан”
г. Петропавловск, ул. Кошукова, 5
Тираж 500 экз.

ОУНБ Петропавловск



0045 5909

Жуырда "Северный Казахстан" газеті" баспаханасынан "Сұлышоқ" атты кітап ауданына қарасты Сұлышоқ ауданының 100 жылдық мерейтойы қарсаңында жазылған. Кітапқа ауыл тарихы, тұрғындарының шешіресі, қазіргі уақытқа дейін кезең-кезенімен жазылған.

Кітаптың бір құйдылығы – ауыл тарихы мұрағат құжаттарына непізделе жазылған "Мен осы кітабымды жазу үшін алты жыл бойы мұрағат құжаттарын жинастырым", – дейді кітаптың авторы Тे-

Сұлышоқ



АУЫЛ ШЕШІРЕСІ

мірболат Есембеков.

Сұлышоқ ауылы 1910 жылы Сауытбек, Шылғау, Қанен сияқты ұсак ауылдардың бірігінен құрылғаны Солтүстік Қазақстан облысы мемлекеттік мұрағатынан алған анықтамамен дәлелден жазылған. Автор будан әрі ауыл тарихын кезен-кезенге беліп, нақты деректермен жазады. "Төңкеріс кезі. Сұлышоқ ауылы - үстінен Колчак әскерлері өтеді еken "Бұлар ауылдың малына, қыздарына қыргидай тиеді" деген хабар ауылға тез жетеді. Ауыл малын ағаш арасына тығып, қыздарының шашын ұстаралымен қыркып, шалбар кигізіп ер адамдар қалпына келтіреді", деп жазылған естеліктерде.

1923-1929 жылдары колхоздастыру басталды. Сұлышоқ Сталин атындағы колхоз болды. Кедейлер мен орташанарды ерікіз колхозға біріктіріп, байлары жер аударылды. Сұлышоқ таза қазак гүйли болса да, ауылдың жел жақ бетіне шошқа фермасын салызыды. Бұдайнике, орыстандыру саясаты екенин ауыл бінді. Карсы шыққандарды жер аударды, тұрғындар камалды. Сұлышоқ ин шақын мұндан

барлығының тізімі бар).

Кітапта Сұлышоқ ауылынан Ұлы Отан соғысына қатысқан адамдардың, олардың соғыста қаза болғандары мен елге оралғандарының тізімі жарияланған.

Кітапты ауылдың энциклопедиясы деуге болады.

Ауыл тұрғындарының сонау 1928-1929 жылдардағы шаруашылық кітапшасынан алынып жазылған тізімі, алғашқы колхозшылар, қасілтеріне қарай: механизаторлар, малшылар, колхоз басқармалары, белімше менгерушілері, есепші-бухгалтерлер, ұстаздар, бригадир-кілтшілер, тағы басқа мамандық иелерінің тізімдері белек-белек жазылған.

Ауылдан шыққан қажылар, көп балалы аналар, көп жасаған карттар, ғалымдар тізімі де автордың назарынан тыс қалмаған.

Қорыта айттар болсақ, "Сұлышоқ" кітабының танымдық, мәнізор. Ауыл тарихын жазған Темірбек Есембеков Оразғалиұлы білімдарлықten тер төріп еңбек еткен.

Бұл тұған ауылын шексіз сүйгендеген аттың қолынан ғана етпейтін түрлі болады,